

Қазақстан Республикасы, Қытай Халық
Республикасы, Қырғыз Республикасы және
Пәкстан Республикасы Үкіметтерінің
арасындағы транзиттік тасымалдаулар
туралы

К Е Л І С І М

Бұдан былай "Келісуші Жақтар" деп аталатын Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы және Пәкстан Ислам Республикасының Үкіметтері,

- өз аумақтары арқылы еркін транзитті жүзеге асыру қажеттігін мойындай отырып,
 - өзара тиімді сауда - экономикалық ынтымақтастықты дамыту мақсатында
 - өзара достық қарым-қатынастарды негізге ала отырып,
- төмендегілер туралы келісті:

I - бап

Келісуші Жақтар аралас тасымалдаудың тәртібін қабылдауды және өзара келісілген маршруттар бойынша тасымалдауды қамтамасыз етуге келісті. Бұл жағдайда көлік құралдарының тиістілігіне қатысты айырмашылық жасалмайтын болады.

2 - бап

Бір Келісуші Жақтың тасымалдаушысының екінші Келісуші Жақтың аумағы арқылы багажды қоса есептегенде жүктерді тасымалдауды және көлік құралдарының қозғалысы транзит деп есептелінеді.

3 - бап

Транзиттік тасымалдаулар Келісуші Жақтардың ұлттық заңдарымен белгіленген тәртіпке сәйкес тіркелген көлік құралдарымен жүзеге асырылады.

Транзиттік тасымалдауларға арналған көлік құралдарына халықаралық транзитке рұқсат беру жүйесі қолданылады.

4 - бап

Шекарадан өту мекендері мен құрлықтағы маршруттар транзиттік тасымалдаулар үшін қосымшада келтірілген.

Қосымша маршруттар Келісуші Жақтар арасында мәрзімді келісіліп отырылуы мүмкін.

Транзиттік тасымалдауларды ресімдеу процедуралары Келісуші Жақтардың құзырлы органдармен келісіледі.

5 - бап

Бір Келісуші Жақ тасымалдаушыларының көлік құралдарынан екінші Келісуші Жақ өз аумағында транзиттік тасымалдаулар, ақылы жолдарды, ақылы көпірлер мен өткелдерді пайдаланғаны үшін, сондай-ақ әрбір Келісуші Жақтың заңдарына сәйкес көрсетілетін қызметтер үшін төлемді қоспағанда, баждық төлемдер мен салықтар алынбайтын болады.

6 - бап

Келісуші Еақ транзитпен өтіп бара жатқан транспорт құралдары үшін жол салығын және оған қоса жолды пайдаланған үшін төлемдер ала алады.

7 - бап

Келісуші Еақтардың кедендік органдары транзиттік жүктердің жылжуына қолайлы жағдайлар жасау мақсатында өзара келісілген бірыңғай кедендік процедуралар мен формалдылықтарды өзірлейді.

8 - бап

Келісуші Еақтардың өз мемлекеттерінің аумағында жол маңы инфрақұрылымдарының мүмкіншілігін кеңейтуге тырысатын болады және келу, кету пункттерінде немесе пунктінде пайдаланылғаны үшін алымдар алынатын, әрі қарай жол сапарын жалғастыру үшін кедендік алаңдарды салуды қамтамасыз ететін болады.

Хауіпті және ауқымды жүктерді тасымалдаушы транспорт құралдары үшін халықаралық нормаларға сәйкес дербес құрылыстар қарастырылатын болады.

9 - бап

Келісуші Еақтар мүмкіндіктеріне қарай темір жол вагондарына, автокөлік пен теңіз сауда кемелеріне сұраныстарды қанағаттандыруға тырысатын болады.

10 - бап

Келісуші Еақтар көліктің әр түрімен тасымалдаудың қиын, порттағы және басқалай алымдарды ең қолайлы түрде қарастыруға келісті, ал келі-

суші жақтардың транзиттік тауарлары ұлттық жүктер қандай жағдайда тасымалданса, деп сондай жағдайда тасымалданады.

II - бап

Келісуші Жақтар жүктерді өзара келісілген маршруттар бойынша жылжытуды жеделдету мақсатында бірыңғай құжаттар пакетін қабылдауға келісіті.

II2 - бап

Келісуші Жақтардың қоғамдық қауіпсіздік, мораль, гигиена немесе адам өмірін, жануарлар мен өсімдіктер өлемін, сауда белгілерін, авторлық хұқықты қорғау жөніндегі ұлттық заңдарға нұқсан келген жағдайларда және де Келісуші Жақтың экономикасы мен территориясына зиян келтірілетін жағдайларда, транзиттік тасымалдауларда тиым салуға, шек қоюға хұқықтары бар.

II3 - бап

Келісуші Жақтар өздерінің аумақтары арқылы Келісуші Жақтардың да, үшінші елдердің де осы Келісімнің қатысушылары емес мемлекеттер контррабанда тауарларынан, қару-жарақ пен әскери жабдықтан, есірткі, сондай-ақ Келісуші Жақтардың заңдарымен өкелінуі мен өкетілуі тыйым салынған тауарлардан басқа тауарларды өмін - өркін транзит жасау мүмкіншілігін бір-біріне жасайтын болады. Халықаралық сауда тәжірибесіне, көдендік ережелерге және басқа халықаралық міндеттемелерге сөйкес өкелінген транзит тауарлары, аумағы арқылы транзит жүзеге асатын Келісуші Жақпен қорғалатын болады.

14 - бап

Осы Келісіммен қамтылмаған мәселелер Келісуші Жақтар арасында өзара кеңесулер жолымен шешілетін болады.

15 - бап

Әрбір Келісуші Жақ осы Келісімнің орындалуын бірлесіп қадағалау үшін және проблемаларды өз елдерінің құзырлы органдарына жедел ұсыну үшін жауапты тұлғаларды тағайындауды тиіс. Осы Келісімді орындау ба-рысында туындайтын кез келген мәселе барлық Келісуші Жақтардың жауап-ты тұлғаларымен талқыланатын болады. Бұл кеңесулер ағымдағы жылы I рет-тен сиретпей жүргізілетін болады.

Осы Келісімді жүзеге асыру процедуралары мен ережелері Келісуші Жақтардың құзырлы органдарының жұмыс кездесулерінде жетілдіріліп оты-рады.

16 - бап

Келісуші Жақтар осы Келісімді түсіндіруге қатысты кез келген айырмашылықтарды келіссөздер жасау жолымен шешуге және оларды реттеу мүмкін болмағанда шешімі барлық жақтар үшін қолайлы болатын тәрешінің қарауына тапсыруға келіседі.

17 - бап

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Кез келген ұсынылған түзетулер Келісуші Жақтарды хабарландыру үшін сақтауға депозитке жіберіледі.

Түзетулер барлық Келісуші Жақтардың келісімімен қабылданады және дербес хаттамалармен ресімделеді.

18 - бап

Осы Келісім, күшіне енуі үшін қажетті барлық заңды процедураларды орындағаны туралы Келісуші Жақтардан соңғы мәлімдеме алынған күннен бастап күшіне енеді.

Мәлімдемені депозитарий - мемлекет алады.

Аумағында Келісім қол қойылатын мемлекет осы Келісімнің депозитарийі болып табылады.

19 - бап

Осы Келісім 5 жылға пәрменді болады. Осы мерзім біткен соң ол өзінен өзі тағы 5 жылға созылады.

Әрбір Келісуші Жақ осы Келісімнен шыққысы келген жағдайда осы келісім мерзімінің аяқталуынан 6 ай кешіктірмей өзінің ниеті туралы депозитарийді жазбаша түрде ескерткеннен кейін осы Келісімнен шыға алады.

20 - бап

Осы Келісім барлық Келісуші Жақтардың келісімнен кейін оған қосыла алатын басқа мемлекеттер үшін ашық.

21 - бап

1995 жылы 9 наурызда Исламабад қаласында бір дана түпнұсқа болып, ағылшын, орыс және Келісуші Жақтардың мемлекеттік тілдерінде, әрі барлық текстілердің күші бірдей болып жасалады.

Негізгі түпнұсқа Келісімнің барлық қатысушыларына оның расталған

көшірмесін жіберетін Пәкстан Ислам Республикасында сақталады.

Осы Келісімді түсіндіру мәселелері бойынша Келісуші Жақтар ағыл-
шын тіліндегі пайдаланатын болады.

Қазақстан Республикасының


Үкіметі үшін



К. Мұхамеджанов

Қырғыз Республикасының

Үкіметі үшін



Ж. Сатыбалдиев

Қытай Халық Республикасының

Үкіметі үшін

李居昌

Ли Ю Чанг

Пәкстан Ислам Республикасының

Үкіметі үшін



М. Шер Хан

Косымша

Транзиттік қозғалыстың шекараға
шөктес елді мекендері және құрылықтағы маршруттары.

Келісуші жақтар транзиттік қозғалыстың келесі маршруттары және
бақылау нүктелері жөнінде келісті.

I. Шекараға шөктес елді мекендер:

Пәкстан:	Саст және Карачи порты
Қытай:	Хунжерабад, Торугарт, Хоргос
Қырғызстан:	Торугарт және Ақ Жол
Қазақстан:	Георгиевка және Қорғас

2. Құрылықтағы маршруттар:

Уақытша құрылықтағы маршруттар туралы уағдаластыққа қол жеткі-
зілді:

- а. Пәкстан-Қытай-Қырғызстан-Қазақстан
- ә. Қытай-Қазақстан
- б. Қытай-Қырғызстан

Келісуші жақтар қозғалыстың сауда маршруттарын тиісті елдердің
территорияларында жақсы жағдайда ұстау қажеттілігін мойындады.